

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 72 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 21 ақпанда № 5058 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 579 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы әкімдігінің 20.12.2019 № 579 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17306 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің "Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы" 2018 жылғы 13 ақпанындағы № 62 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4527 тіркелген, 2018 жылдың 3 наурызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы "20" ақпандағы № 72 қаулысына 1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (теңге)	Субсидияланатын көлем (бас)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
Етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Тауарлық аналық бас	бас	10 000	153 000	1 530 000,0
1.2	Асыл тұқымды аналық бас	бас	20 000	33 000	660 000,0
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000	1 000	100 000,0
3.	Отандық етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын сатып алу	бас	150 000	2 800	420 000,0
4.	Импорттық асыл тұқымды немесе таза тұқымды аналық мал басын сатып алу	бас	225 000	2 500	562 500,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды бұқалардың ұрығын сатып алу				
1.1	бір жынысты	доза	10 000	500	5 000,0
1.2	қос жынысты	доза	5 000	10 000	50 000,0
2.	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу				

2.1	отандық немесе ТМД елдерінен импортталған	бас	150 000	1 100	165 000,0
2.2	Аустралия, АҚШ және Канада мен Еуропа елдерінен импортталған	бас	225 000	1 800	405 000,0
3.	Қоғамдық табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас	100 000	300	30 000,0
4.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі кара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5 000	57 000	285 000,0
5.	Сүтті бағыттағы аналық бастың азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	бас	120 000	6 500	780 000,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	600	250 000	150 000,0
Жұмыртқалық құс шаруашылығы					
1.	Республикалық палаталарда тіркелген құс фабрикаларынан алынған құстардың финалдық нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын сатып алу	бас	60	850 000	51 000,0
Шошқа шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды және таза тұқымды шошқалар сатып алу	бас	140 000	500	70 000,0
2.	Шошқалардың асыл тұқымды аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	бас	40 000	2 000	80 000,0
Қой шаруашылығы					
1.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	1 000	180 000	180 000,0
2.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
2.1	асыл тұқымды аналық басы	бас	2 500	60 000,0	150 000,0
2.2	тауарлық аналық басы	бас	1 500	150 000,0	225 000,0
3.	Асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу	бас	8 000	6 000	48 000,0
3.1	Асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алу	бас	40 000	200	8 000,0
4.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп бағу	бас	10 000	1 000	10 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	200	20 000,0

Түйе шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	бас	100 000	50	5 000,0
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	5 000	7 000	35 000,0
Барлығы					6 024 500,0

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы "20" ақпандағы № 72 қаулысына 2-қосымша

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері (тонна)	Субсидияланатын көлем (тонна)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
Етті мал шаруашылығы					
1.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағының бір килограммы	200	3 400,0	680 000,0
2.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдары үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	қосқан салмағының бір килограммы	200	3 470,0	694 000,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:			42 125,5	904 330,0
1.1	бағымдағы аналық бас саны 600 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	35	13 875,0	485 625,0
1.2	бағымдағы аналық бас саны 400 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	20	13 620,0	272 400,0
1.3	бағымдағы аналық бас саны 50 бастан басталатын шаруашылық	сынақ салмағының бір килограммы	10	11 200,0	112 000,0
1.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі	сынақ салмағының бір килограммы	10	3 430,5	34 305,0
Етті құс шаруашылығы					

1.	Құс етін өндіру құнын арзандату			45 547,0	3 507 350,0
1.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	80	37 000,0	2 960 000,0
1.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	70	6 000,0	420 000,0
1.3	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	килограмм	50	2 547,0	127 350,0
Жұмыртқалық құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату			438 250,0	1 211 425,0
1.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	3	185 000,0	555 000,0
1.2	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,7	167 500,0	452 250,0
1.3	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,5	51 750,0	129 375,0
1.4	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2	34 000,0	74 800,0
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы өткізу құнын арзандату	бас	3 000	10 000	30 000,0
2.	Өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүн құнын арзандату				
2.1	сапасы 60-тан басталатын жүн	килограмм	150	1 375,0	206 250,0
2.2	сапасы 50-ден басталатын жүн	килограмм	100	20,0	2 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	3 000,0	180 000,0
Түйе шаруашылығы					
1.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	1 900,0	104 500,0
Барлығы					7 519 855,0